

«Берекелі Алтын күз»

(Ашық оқу іс-әрекеті)



Тәрбиеші: Романова Г.Б.

Шымкент 2019 ж

Білім саласы: «Коммуникация», «Таным»,
«Шығармашылық»

Білім бөлімі: Сөйлеуді дамыту, жаратылыс тану, сурет

Тақырыбы: «Берекелі алтын күз»

Мақсаты: Балаларды күздің ерекшелігімен таныстыра отырып, коммуникативті дағдыларын дамыту. Жемістер мен көкөністерді атау барысында, Күз мезгілінің жомарт екендігін толық түсіндір. Еңбек жайлы әңгімелесу, тақпақты мәнерлі айтуға дәрумендерді дұрыс қолданып, пайдалануға және дәстүрден тыс сурет салуға үйрету.

Көрнекілігі: Тақырыпқа сай суреттер, жемістер мен көкөністердің суреттері мен муляждары. Үлгі сурет, шығармашылық заттар.

Мотивациялық қозғаушы:

Шаттық шеңбері:

Қуан шаттан алақай

Қуанатын кез келді.

Күліп шықты күн бүгін,

Қайырлы таң!

Сұрақ-жауап:

-Балалар, казыр жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі

-Күз мезгілінде неше ай бар?

-үш ай бар

-Күз мезгілін атаңдар?

-Қыркүйек, қазан, қараша

-Күз мезгілінде табиғатта қандай ерекшеліктер болады?

-Жапырақтар сарғайып, жел тұрып, күн суытып, жаңбыр жауады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Адамдар жылы киінеді.

-Күз туралы олең шумақтарын кім айтады?



- Сары жапырақтар төгілген
Тоғайды да көрдім мен.
Енді сары бояумен,
Күз суретін саламын.

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар, «**Көкөністер мен жемістер**» ертегісі бізге бұрыннан таныс. Сол ертегіні ролге бөліп ойнап берейік.

Автор: Мағжан - Бір күні бақшадағы көкөністер мен жемістер өзара дауласыпты

Өнім биыл тамаша!

Көз тоймайды қараса.

Қызынақ, қияр, сәбіз, алма, жүзім, қырққабат, қартоп.

«Жиналып қаппыз барымыз,

қайсымыз ең тәттіміз.

Үйімізде адамға көп тиеді пайдамыз»-депті

Қияр: Мен қиярмын сәндімін,
Салаттардың сәнімін.
Дәруменім мол менің,
Денсаулыққа пайдалы.

Қызанақ: Менің атым - қызанақ
Тұзды сеуіп молырақ.
Банкылерге саламыз,
Аузын мықтап жабамыз,
Тағамға дәм қосамыз,
Қыста тәбет ашамыз.

Сәбіз: Кім бар сәбіз шырынын
Жастайынан ішпеген?
Мені жеген адамдар,
Кем болмайды кемін де!

Алма: Мен алмамын, алмамын!
Таңдай қағар бар дәмім
Жемістердің нұрымын
Мен алмамын, алмамын.



Жүзім: Мені бәрі жүзім дер,
Бір-бірлеп үзіп жер.
Қызықтырам көркіммен,
Қатар-қатар тізілген.

Қырққабат: Мақтағаннан не пайда?
Менсіз дәмді не қайда?
Мені қосса самсаға,
Бәрі жейді тамсана.

Картоп: Мен ұялшақ картоппын,
Мен емеспін мақтанар.
Мені жақсы көреді,
Үлкендер мен балалар.
Бос айтысты қойайық,
Дауласуды тоқтатып.

Автор: Көкөністер бәрі де,
Денсаулыққа пайдалы.
Мұны жатқа біліңдер,
Оларды жақсы көріңдер.

Тәрбиеші: Міне, балалар! біз жемістердің жырын
тыңдадақ. Біз үнемі жемістерді жеп жүруіміз
керек екен.

Сергіту сәті:

Ұшты талдан жапырақ,
Сары көбелек секілді,
Аспанда жай шатырлап,
Тамшы жерге секірді.

-Біз балалар, жемістер мен көкөністер туралы
әңгімелестік. Енді өнер орталығына барып осы жемістер
мен көкөністердің суретін салайық.

(Балалардың жұмысы)

Тосын сәт: Қонаққа бағбан ата келеді.

(Дәрумендер жайлы түсінік беріп, қай ағзаға қандай
пайдасы бар екенін әңгімелеп, мақтап, мадақтайды)



Дид ойын: «Кайда өседі?»

Шарты: Тәрбиеші, жеміс пен көкөністердің атын атайды, балалар, қайда өсетінін дауыстап және қимылмен мен көрсетеді.

Рефлексивті коррекциялаушы:

- Қандай ертегіні ролге бөліп ойнадық?
- Дәрумендердің пайдасы қандай екен?
- Ненің суретін салдыңдар?
- Қонаққа кім келді?

(Балалардың жауабы)

Жарайсыңдар балалар! бүгінгі оқу-қызметіне жақсы қатыстыңдар. Сендерге «Бағбан аталарың оз бау-бақшасынан дәрумендер әкепті»-деп сыйлықты көрсету.



